

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

«МЕНИҢ ҚАТЫНАС ШЕҢБЕРІМ» ӘДІСТЕМЕСІ

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.11.2022

СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/126961/

«Менің Қатынас шеңберім» әдістемесі

Әдістеменің сипаттамасы: «Менің қатынас шеңберім» әдістемесі Т. Ю. Андрущенконың жетекшілігімен жасалған.

Әдістеме баланың ересектер мен және балалармен қарым-қатынас тәжірибесінің сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Баланың ішкі тәжірибесінің көрінісін оның өмірінің белгілі бір кезеңіндегі даму міндеттерімен байланыстыра отырып, психолог тұлғаның қалыптасқан жағдайларының әл-ауқатының өлшемін анықтай алады.

Әдістеменің маңызды ерекшелігі — баланың зерттелетін әлеуметтік шеңбері отбасынан тыс: отбасы баланың өмірінің басқа салаларымен ажырамас байланыста болады.

Мақсаты: Әдістеме баланың оны қоршаған құрбылары, ата-аналары, оқытушыларымен өзара қатынас шеңберімен сипатын анықтауға арналған.

Нұсқау: егер сіз пайымдаумен келіссеңіз, онда оның нөмірінің жанына “иә” деп жазыңыз немесе “+” таңбасын қойыңыз. Егер сіз пайымдаумен келіспесеңіз, онда “жоқ” деп, немесе таңбасын қойыңыз. Пайымдаулар өте қысқа және барлық қажетті қажеттіліктерді қамти алмайтынын ескеріңіз. Жақсы не жаман жауаптар болмайды. Өз көзқарасыңызды еркін білдіріңіз.

Сауалнама.

1. Маған түрлі мерекелерге қатысу рақаттану сезімін тудырады.
2. Мен өзімнің тілектерімді құрбыларымның тілектерімен қайшы келсе де баса алмаймын.
3. Маған кімде -кімге өз ықыласымды білдірген ұнайды.
4. Мен достықты емес, әсерге бөленгенге көп көңіл бөлемін.
5. Мен өзімнің достарыма қарағанда, менде міндеттерден гөрі құқығым көп екенін сеземін.

6. Мен өзімнің құрбымның сәттілігі жайында естігенде, бір себептен көңілім көтеріледі.
7. Өз-өзіме қанағаттануым үшін мен біреуге көмектесуім керек.
8. Менің жұмыс бойынша құрбыларымның арасында болғанымда кайғы-уайымым жоқ болып кетеді.
9. Менің достарым мені әбден жалықтырды.
10. Мен маңызды жұмысты орындап жатқанда, адамдардың жанымда болуы тітіркендіреді.
11. Жан алқымнан алғанда мен өзімнің достарым мен таныстарыма зиян тимейді деген пікірдегі шындық бөлігін ғана айтамын.
12. Қиын жағдайда мен өзімді ғана емес, жақын адам жайында да ойлаймын.
13. Достарымның келеңсіздіктеріне ортақтасқаным соншалық, мен ауырып қаламын.
14. Маған айтарлықтай қиындықтар туғызғанына қарамастан, басқаларға көмектесу жанға жайлы.
15. Досымды сыйлағанымнан оның пікірі дұрыс болмаса да, келісе аламын.
16. Маған махаббат әңгімелеріне қарағанда, шытырман оқиғалы әңгіме көп ұнайды.
17. Кинодағы зорлау сценалары менде жиіркеніш сезімін тудырады.
18. Жалғыздықта мен үрей мен күштеуді адамдар ортасында болғаннан гөрі көбірек сезінемін.
19. Менің пікірімше, өмірдегі негізгі қуаныш қатынас болып табылады.
20. Үйсіз (баспанасыз) иттер мен мысықтарды аяймын.
21. Мен азырақ, бірақ жақын достар болғанын таңдаймын.
22. Мен адамдар ортасында болғанды жақсы көремін.
23. Мен жақын адамдарыммен ренжіскен соң ұзақ уақыт уайымдаймын.
24. Менде көптеген басқаларға қарағанда көп жақын достар бар екендігі анық.
25. Менде достыққа қарағанда жетістіктерге талпыныс көбірек.
26. Мен адамдар жайындағы пікірлерде өзімнің ішкі сезіміме және қиялыма, басқа адамдардың талқылауларына қарағанда көбірек сенемін.
27. Мен өзіме сүйкімді адамдармен қатынас қуанышына қарағанда материалды қамтамасыз ету мен аман-саулыққа көбірек мағына беремін.
28. Мен жақын достары жоқ адамдарға жаным ашиды.
29. Маған қарым — қатынаста көптеген адамдар жақсылықты білмейді.
30. Мен риясыз достық туралы әңгімелерді жақсы көремін.

31. Досым үшін мен өз қызығушылығымды құрбан ете аламын.
32. Бала кезімде үнемі бірге болатын құрбыларымның үйіне баратынмын.
33. Егер мен журналист болғанымда, онда мен достықтың күші туралы қуана-қуана жазар едім.

Нәтижелерін өңдеу:

Сауалнаманың бірінші бағанасындағы “иә” және “жоқ” жауабының санын есептеңіз. Екі санды қосып алынған соманы психодиагностикалық шкаламен салыстырыңыз.

Психодиагностикалық шкала

Қасиет	Деңгейлер		
	Ортадан төмен	Орташа	Ортадан жоғары
Қатынасқа қажеттілік	0-23	24-28	29 және жоғары

Жауап парағы

Т.А.Ә _____

Жасы _____ Жынысы _____

Номер	Жауап	
№	Иә	Жоқ
1		
2		
3		
4		
5		
6		
7		
8		
9		
10		
11		
12		
13		
14		
15		

16		
17		
18		
19		
20		
21		
22		
23		
24		
25		
26		
27		
28		
29		
30		
31		
32		
33		

4 курс студенті: Серікқызы А.

Оқытушы: Болтаева А.М.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.